

Бурабай ауданы Бурабай кентінің Интернациональная көшесі № 53 үйінде ет қоректі жануарлардың құтыру ауруына шектеу шараларын қою туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № а-10 /520 қаулысы. Ақмола облысы Бурабай ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 31 желтоқсанда № 1-19-169 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 6 сәуірдегі № а-4/139 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 06.04.2016 № а-4/139 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 1 тармағының 18 тармақшасына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10 бабының 2 тармағының 9 тармақшасына сәйкес, ет қоректі жануарлардың құтырумен ауруының анықталған фактісі бойынша Щучье ауданының бас мемлекеттік ветеринарлық инспекторының 2009 жылғы 3 желтоқсандағы ұсыным негізінде, адамдар мен үй жануарларының ауруға шалдығуының алдын алу мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бурабай ауданы Бурабай кентінің Интернациональная көшесі № 53 үйінде ет қоректі жануарлардың құтыруы бойынша эпизотия ошағында 2009 жылғы 4 желтоқсаннан басталатын кезеңге шектеу шаралары қойылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Базархановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы Бурабай ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бурабай ауданының әкімі

В.Балахонцев

КЕЛІСІЛДІ:

Щучье ауданының бас мемлекеттік ветеринарлық инспекторы

А.Сыздықов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК